

"Мемлекеттік кірістер органдары лауазымды тұлғаларының тауарларды кедендік тазартуды жасау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 26 қаңтардағы № 73 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 15 маусымдағы № 594 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 15 маусымда № 20860 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мемлекеттік кірістер органдары лауазымды тұлғаларының тауарларды кедендік тазартуды жасау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 26 қаңтардағы № 73 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16346 болып тіркелген, 2018 жылғы 19 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"2017 жылғы 26 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 144-бабы 1-тармағына, 148-бабының 3-тармағына, 180-бабының 7-тармағына, 182-бабының 9-тармағына, 185-бабының 5-тармағына, 187-бабының 11-тармағына, 190-баптың 4 және 9-тармақтарына, 192-бабының 4-тармағына, 194-бабының 10-тармағына, 536-бабы 3-тармағының 5) тармақшасына, "Мемлекеттік қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН**":

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген, Мемлекеттік кірістер органдары лауазымды тұлғаларының тауарларды кедендік тазартуды жасау қағидалары осы бұйрыққа қосыншаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Зан қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

Е. Жамаубаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлің
2020 жылғы 15 маусымдағы
№ 594 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлің
2018 жылғы 26 ақпандағы
№ 73 бұйрығымен
бекітілді

Мемлекеттік кірістер органдары лауазымды тұлғаларының тауарларды кедендей тазартуды жасау қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік кірістер органдары лауазымды тұлғаларының тауарларды кедендей тазартуды жасау қағидалары 2017 жылғы 26 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасындағы кедендей реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 144-бабының 1-тармағына, 148-бабының 3-тармағына, 180-бабының 7-тармағына, 182-бабының 9-тармағына, 185-бабының 5-тармағына, 187-бабының 11-тармағына, 190-баптың 4 және 9-тармақтарына, 192-бабының 4-тармағына, 194-бабының 10-тармағына, 536-бабы 3-тармағының 5) тармақшасына, сондай-ақ "Мемлекеттік қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңының (бұдан әрі – Зан) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің облыстар, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары бойынша аумақтық органдары лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттерінің реттілігін тауарларды кедендей ресімдеу бойынша мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде анықтайды.

2. "Тауарларды кедендей тазарту" мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің облыстар, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары бойынша аумақтық органдары (бұдан әрі – қызмет беруші) "АСТАНА-1" Кедендей және салықтық әкімшілдендердіруді автоматтандыру жүйесі" (бұдан әрі – АЖ) арқылы көрсетеді.

3. Тауарларды кедендік тазартуды лауазымдық (функционалдық) міндеттерге сәйкес мұндай кедендік операцияларды жүргізуге уәкілетті қызмет берушінің лауазымды тұлғасы (бұдан әрі – уәкілетті лауазымды тұлға) жүзеге асырады және кеден декларациясында тауарларға арналған декларация түрінде қызмет берушіге тапсырылған сәттен басталады және тауарларды шығарумен аяқталады.

4. Электронды түрдегі кедендік декларациялау осы Қағидалардың 2-тарауына сәйкес электрондық құжат түрінде тауарларға арналған декларацияны (бұдан әрі - ЭТД) пайдалана отырып жүзеге асырылады.

5. Жазбаша нысандағы кедендік декларациялау осы Қағидалардың 3-тарауына сәйкес қағаз тасымалдағыш құжат түрінде тауарларға арналған декларацияны (бұдан әрі - ДТ) пайдалана отырып жүзеге асырылады.

6. Кодектің 393-бабының 5-тармағына сәйкес тауарларды кедендік декларациялау кезінде кедендік бақылау тек кедендік бақылау нысандарын және (немесе) кедендік бақылаудың жүргізуін қамтамасыз ететін шараларды қолдануы тәуекелдерді басқарудың автоматтандырылған жүйесі негізінде ғана жүзеге асырылады.

7. Тауарларды кедендік тазарту кезінде оның нысанына қарамастан, декларант немесе кеден өкілі (бұдан әрі – көрсетіletтін қызметті алушының) Кодектің 180-бабының 2-тармағында жағдайларды, немесе Кодектің 180-бабының 3-тармағына сәйкес Комиссия айқындаған жағдайлардағы тауарларды қоспағанда, қызмет аймағында кедендік бақылаудағы тауарлар бар қызмет берушіге тауарлардың декларациясын береді.

8. ЭТД оны толтырғаннан кейін, сондай-ақ осы Қағидаларда айқындалған жағдайларда электрондық түрде ұсынылған, онда мәлімделген мәліметтерді растайтын құжаттар "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қантардағы Заңына сәйкес көрсетіletтін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦК) куәландырылады.

9. Осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген іс-әрекеттерді қоспағанда, көрсетіletтін қызметті алушының ЭТД мәртебесі (берілді, қабылданды, тіркелді, тіркеуден бас тартылды, шығаруға рұқсат берілді, шығару тоқтатыла түрді, кері қайтарып алынды, шартты шығару) туралы хабардар етуге байланысты қызмет берушінің іс-әрекеттері нақты уақыт режимінде ақпараттық жүйе арқылы жүзеге асырылады.

Қызмет беруші АЖ арқылы көрсетіletтін қызметті алушының осы Қағидалардың 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес мынадай:

лауазымды тұлғаның қатысуының тауарларды шығаруға (бұдан әрі – автоматты шығару);

тауарларды шығарудан бас тартуға;

тауарларды шығаруды жоюға байланысты электрондық құжаттарды қалыптастырады және жібереді.

10. Көрсетілетін қызметті алушының өтініші бойынша қызмет беруші өтініш түскен сәттен бастап 30 (отыз) минуттан кешіктірмей тауарларға арналған декларацияның қағаз данасы оның электрондық түрінен басып шығарылады.

Бұл ретте, тауарларды шығаруды жүзеге асырган уәкілдепті лауазымды тұлға мұндай тауарларға арналған декларацияға тауарларды шығару туралы белгі қояды және тауарларды автоматты шығаруды қоспағанда, жеке нөмірлік мөрмен растайды.

Тауарлардың автоматты түрде шығару кезінде тауарларды шығару туралы белгіні тауарларды шығару жүзеге асырылған қызмет беруші қояды.

11. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алу үшін қызмет берушіге не www.egov.kz веб-порталы арқылы (бұдан әрі - портал) тауарларға арналған декларацияны ұсынады.

Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес " Тауарларды кедендік тазарту" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында келтірілген.

Көрсетілетін қызметті алушыдан құжаттар топтамасын қабылдаған адамның күні, уақыты, қолы, тегі және аты-жөні көрсетілген өтініштің көшірмесіндегі белгі көрсетілетін қызметті берушіге жазбаша нысанда берілген құжаттардың қабылданғанын растау болып табылады.

Портал арқылы өтініш түскен жағдайда көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салуды қабылдау туралы мәртебе жолданады.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттар мен мәліметтерді сұратуға жол берілмейді.

Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне ақпараттандыру саласындағы уәкілдепті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді енгізу ді қамтамасыз етеді.

12. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйе істен шыққан жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші істен шыққан сәттен бастап дереу мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы, мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін өтініштің тіркеу нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН), көрсетілетін қызметті алушының атауы, қатеге әкеп соқтыратын іс-қимылдар реттілігінің сипаттамасы бойынша ақпаратты, туындаған проблеманы түсіндіретін скриншоттарды міндетті түрде ұсына отырып e-okno@mgd.kz электрондық пошта арқылы қолдау қызметіне сұрау жолдайды.

2-тарау. Уәкілетті лауазымды тұлғаның қатысуының көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық жүйесі арқылы ЭТД тіркеу немесе тіркеуден бас тарту тәртібі

1-параграф. Электронды тұрде кедендік декларацияны қолдана отырыш, тауарларды кедендік тазарту кезіндегі уәкілетті лауазымды тұлғаның іс-әрекеті

13. ЭТД беруге, тіркеуге немесе тіркеуден бас тартуға байланысты кедендік операциялар Еуразиялық экономикалық комиссиясы (бұдан әрі – ЕЭК) Алқасының 2014 жылғы 2 шілдедегі № 98 шешімімен бекітілген, Тауарларға арналған декларацияларды тіркеу немесе тіркеуден бас тарту тәртібі туралы нұсқаулыққа (бұдан әрі – Тауарларға арналған декларацияларды тіркеу немесе тіркеуден бас тарту туралы нұсқаулық) сәйкес жүзеге асырылады, ал Тауарларға арналған декларацияларды тіркеу немесе тіркеуден бас тарту туралы нұсқаулықта реттелмеген бөлігінде осы тараудың ережелері қолданылады.

14. ЭТД тіркеу немесе тіркеуден бас тарту Кодекстің 148-бабы 3-тармағына сәйкес уәкілетті лауазымды тұлғаның қатысуының көрсетілетін қызметті беруші АЖ арқылы (бұдан әрі – ЭТД автоматты тұрде тіркеу) жүзеге асырады.

15. ЭТД беру күні мен уақытын көрсетілетін қызметті беруші АЖ арқылы тіркейді.

Бұл ретте, Кодекстің 181-бабында белгіленген ЭТД беру мерзімдерін бақылауды АЖ арқылы көрсетілетін қызметті беруші жүзеге асырады.

Мерзімдерді бұза отырып ЭТД берілген жағдайда, "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Кодексінің (бұдан әрі – ӘҚБК) 538-бабында көзделген шаралар қолданылады.

16. ЭТД беру Кодекстің 180-бабының 7-тармағында белгіленген жағдайды қоспағанда, көрсетілетін қызметті берушіге онда мәлімделген мәліметтерді растайтын құжаттарды табыс етумен сүйемелденбейді.

17. ЭЦК-ны көрсетілетін қызметті алушы, мемлекеттік кірістер органы АЖ арқылы тіркегенге дейін, формат-логикалық бақылау арқылы Кодекстің 182-бабының 5-тармағына сәйкес ЭТД тіркеуден бас тартуға негіздердің жоқтығы тексеріледі.

Форматтық-логикалық бақылау нәтижесінде ЭТД бойынша қателерді беру кезінде АЖ-да тиісті хабарлама бейнеленеді.

ЭТД тіркеуден бас тарту үшін негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші АЖ арқылы тауарларға арналған декларацияны тіркеу немесе тіркеуден бас тарту туралы нұсқаулыққа сәйкес ЭТД тіркеуден бас тартуды жүзеге асырады.

18. ЭТД тіркеуді көрсетілетін қызметті беруші тіркелген ЭТД мәртебесі туралы хабарламаны көрсетілетін қызметті алушыға жібере отырып, АЖ арқылы жүзеге асырады.

2-параграф. Тауарлар шығарылғанға дейін тауарларға арналған декларация тіркелгеннен кейін кедендік операцияларды жасау кезіндегі уәкілетті лауазымды тұлғаның іс-әрекеті

19. ЭТД тіркелгеннен кейін онда мәлімделген мәліметтерді тексеру үшін көрсетілетін қызметті беруші АЖ арқылы кедендік бақылау нысандарын және (немесе) кедендік бақылау жүргізуді қамтамасыз ету шараларын айқындау мақсаттары үшін тәуекелдерді басқару жүйесін қолданады.

20. Құжаттардың, құжаттар туралы мәліметтерді және (немесе) оларда Кодектің 179-бабында көрсетілген мәліметтердің болуын тексеру Кодектің 146-бабы 2-тармағына сәйкес АЖ арқылы жүзеге асырылады.

Тыйым салулар мен шектеулердің қолданылуына жататын тауарлар болған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші АЖ арқылы "Е-лицензиялау" мемлекеттік дереккоры ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – "Е-лицензиялау" ЛМДБ АЖ) және "Экспорттық-импорттық операциялар бойынша Бірыңғай терезе" (бұдан әрі – "Е-терезе" АЖ) қамтылған тыйым салулар мен шектеулердің сақталуын растайтын құжаттар туралы ақпаратпен көрсетілетін қызметті алушы ЭТД-да мәлімдеген мәліметтердің дүрыстығын тексеруді жүзеге асырады.

"Е-лицензиялау" ЛМДБ АЖ-да тыйым салулар мен шектеулердің сақталуын растайтын құжаттар және (немесе) мәліметтер болмаған жағдайда Е-терезе АЖ уәкілетті лауазымды тұлға рұқсат беру құжаттары туралы мәлімделген мәліметтердің сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады:

мұндай мәліметтерді Кодектің 8-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен ақпараттық өзара іс-қымыл шенберінде көрсетілетін қызметті берушінің АЖ қамтылған деректермен салыстыру;

мұндай мәліметтерді Еуразиялық экономикалық одакқа (бұдан әрі - ЕАЭО) мүше мемлекеттердің оларды беруге жауапты мемлекеттік органдарының (үйымдарының) ресми ақпарат көздерінде көрсетілген осындай құжаттар туралы (мұндай құжаттардан алынған) мәліметтермен салыстыру;

мұндай мәліметтерді тиісті, оның ішінде ЕАЭО техникалық регламентінің талаптарына тауарлардың сәйкестігін растайтын құжаттардың бірыңғай тізілімімен байланысты ақпараттар жарияланатын, Еуразиялық экономикалық комиссияның сайтында орналастырылатын ақпараттармен салыстыру арқылы рұқсат беру құжаттары туралы мәлімделген мәліметтердің сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады.

Егер, Кодектің 146-бабы 2-тармағына сәйкес уәкілетті лауазымды тұлғаның АЖ арқылы осындай құжаттар туралы мәліметтерді және (немесе) осындай құжаттардан мәліметтерді ала алмаса, онда қызметті алушы осы Қағидалардың 2-тарауына сәйкес осындай құжаттарды табыс етеді.

21. Тәуекелдерді басқару жүйесі кедендік бақылау нысандарын және (немесе) кедендік бақылау жүргізуді қамтамасыз ету шараларын айқындау кезінде, уәкілетті лауазымды тұлға осындай шараларды қолданады.

Бұл ретте, көрсетілетін қызметті беруші АЖ арқылы көрсетілетін қызметті алушыға тәуекелдерді басқару жүйесінде тәуекелдерді азайту жөніндегі шаралардың тағайындалғаны туралы хабарлама жолдайды.

22. Уәкілетті лауазымды тұлға мынадай жағдайды ескере отырып:

1) кедендік бақылау жүргізу кезінде кедендік, өзге де құжаттарды және (немесе) мәліметтер тексеру нысаны түрінде, көрсетілетін қызметті алушыға АЖ арқылы ЭТД-да мәлімделген мәліметтерді растайтын құжаттарды ұсыну қажеттігі туралы сұрау салу жолданған кезде тәуекелдерді басқару жүйесінде айқындалған тәуекелдерді азайту жөніндегі шараларды қолдануды жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы ұсынатын сұрау салынған құжаттарды тексеруді Кодектің 410-бабына және осы Қағидалардың 2-тарауының сәйкес уәкілетті лауазымды тұлға жүзеге асырады.

Сұрау салынған құжаттарды ұсыну және тауарларды шығарғанға дейін оларды тексеру аяқталған не өзге нысандардағы кедендік бақылаудың, оның ішінде тауарларға кедендік сараптамалар нәтижелері тексерілген мәліметтердің дұрыстығын және (немесе) толықтығын растиған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші Кодектің 192-бабына сәйкес тауарларды шығаруды жүргізеді.

Егер сұрау салынған құжаттарда қажетті мәліметтер қамтылмаған немесе ЭТД мәлімделген кедендік баждардың, салықтардың, арнайы, демпингке қарсы, өтем баждарының мөлшеріне әсер ететін мәліметтерді тиісті дәрежеде растамаған жағдайда, уәкілетті лауазымды тұлға АЖ арқылы Кодектің 195-бабының талаптарын сақтай отырып, сондай-ақ кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтем баждарын төлеу бойынша міндеттерді орындауды қамтамасыз етуді ұсыну шартымен тауарларды шығаруды жүргізу мүмкіндігі туралы көрсетілетін қызмет алушыны хабардар етеді.

Бұл ретте, уәкілетті лауазымды тұлға АЖ арқылы көрсетілетін қызмет алушыға "Кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтем баждарын төлеу бойынша міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету мөлшерінің есебі туралы" ЕЭК Алқасының 2017 жылғы 4 қыркүйектегі № 112 шешімімен белгіленген нысан бойынша кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтем баждарын төлеу бойынша міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету мөлшерінің есебін жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтема баждарын төлеу бойынша міндеттердің орындалуын қамтамасыз етуді енгізген кезінде, уәкілетті лауазымды тұлға АЖ арқылы кедендік

баждарды, салықтарды төлеу бойынша міндеттердің орындалуын қамтамасыз етуді тіркеуді жүргізеді және Кодекстің 195-бабына сәйкес кедендік, өзге де құжаттар және (немесе) мәліметтерді тексеру аяқталғанға дейін тауарларды шығаруды жүзеге асырады.

Бұл ретте, көрсетілетін қызметті алушыға АЖ арқылы Кодекстің 409-бабы 4-тармағына сәйкес тауарлар шығарылғанға дейін шығарылғаннан кейін басталған кедендік, өзге де құжаттар және (немесе) мәліметтерді тексеру аяқталуымен тауарларды шығару туралы хабарлама жолданады.

Тауарларды шығарғаннан кейін кедендік, өзге де құжаттарды және (немесе) мәліметтерді тексеруді аяқтау үшін уәкілетті лауазымды тұлға тауарлар шығарылғаннан кейін кедендік бақылауды жүргізуге жауапты бөлімшеге хабарлама жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтем баждарын төлеу бойынша міндеттердің орындалуын қамтамасыз етуді ұсынбаған жағдайда, уәкілетті лауазымды тұлға Кодекстің 410-бабы 2-тармағына сәйкес ЭТД тіркеген күннен кейінгі келесі жұмыс күні аяқталғанға дейін төрт сағаттан кеш емес мерзімде ақпараттық жүйе арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарларды шығарудан бас тарту туралы электрондық құжатты жіберу жолымен тауарларды шығарудан бас тартуды жүзеге асырады.

Егер кедендік бақылау жүргізу кезінде ЕАЭО кеден заңнамасын бұзушылықтар анықталған жағдайда, Кодекстің 201-бабы 1-тармағының 9) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарына сәйкес олар жойылған кезде тауарларды шығарудан бас тарту үшін негіз болмайды және көрсетілетін қызметті беруші осындай бұзушылықтарды жою үшін ЭТД мәлімделген мәліметтерді өзгерту (толықтыру) қажеттігін айқындаған, көрсетілетін қызметті берушінің талап етуі бойынша осындай мәліметтерді Кодекстің 193-бабы 3 және 6-тармақтарында белгіленген тауарларды шығару мерзімі шегінде декларант өзгерtedі (толықтырады).

2) уәкілетті лауазымды тұлға кедендік сараптаманы жүргізу кезінде Кодекстің 54-тарауында, сондай-ақ осы Қағидалардың 35-тармағында айқындалған әрекеттерді жүзеге асырады.

3) тауарлар туралы мәлімделген мәліметтердің зияткерлік меншік объектілерінің кедендік тізілімінде және ЕАЭО мүше мемлекеттердің зияткерлік меншік объектілерінің бірыңғай кедендік тізілімінде қамтылған мәліметтерге, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушіге зияткерлік меншік құқықтары бұзылған тауарларды анықтауға мүмкіндік беретін, жоғарыда көрсетілген зияткерлік меншік объектілерінің тізіліміне енгізілмеген тауарлар туралы қосымша мәліметтерге сәйкестігін тексеру жүргізу кезінде уәкілетті лауазымды тұлға Кодекстің 198 және 199-баптарына сәйкес зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарын қорғау бойынша шараларды қабылдайды, сондай-ақ осы Қағидалардың 36-тармағында айқындалған әрекеттерді жасайды;

4) тауарларды кедендік тексеріп қарауды (қарап тексеруді) жүргізу кезінде уәкілетті лауазымды тұлға Кодекстің 413-бабы 2-тармағына сәйкес тауарларды кедендік тексеріп қарауды (қарап тексеруді) жүргізу бойынша әрекеттерді жүзеге асырады.

Уәкілетті лауазымды тұлға АЖ арқылы тауарларды кедендік тексеріп қарауды (қарап тексеруді) жүргізу үшін кедендік тексеріп қарауды (қарап тексеруді) (ол болған кезде) жүзеге асыратын лауазымды тұлғалар мамандандырылған (қарап тексеру тобына) бөлімшеге хабарлама жолдайды.

Тауарларға кедендік тексеріп қарауды (қарап тексеруді) жүргізу кезінде әкімшілік құқық бұзушылық белгілері анықталған жағдайда, уәкілетті лауазымды тұлға көрсетілетін қызмет берушінің басшысына не оны алмастыруши тұлғага анықталған бұзушылықтар туралы дереу жазбаша түрде хабарлайды және ӘҚБК-ге сәйкес шаралар қабылдайды.

23. Тауарларға кедендік тексеріп қарау (қарап тексеру) нәтижелері бойынша қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бар бұзушылықтар анықталған кезде, уәкілетті лауазымды тұлға қаржы мониторингі органының қылмыстық құқық бұзушылықтарды қарауға байланысты мәселелер құзыретіне кіретін тиісті бөлімшесіне осындай бұзушылықтар туралы ақпаратты береді.

24. Тәуекелдерді басқару жүйесінде айқындалған тәуекелдерді азайту жөніндегі шараларды қолдану нәтижесі бойынша уәкілетті лауазымды тұлға көрсетілетін қызмет берушінің АЖ тәуекелдерді азайту жөніндегі қабылданған шаралардың нәтижелері туралы есепті толтырады.

Кедендік баждардың, кедендік алымдардың, салықтардың, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарының, өсімпұлдардың, пайыздардың төленуін бақылауды осы Кодекстің 398-бабына сәйкес АЖ арқылы көрсетілетін қызметті беруші жүргізеді.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексіне сәйкес есепке жатқызу әдісімен қосылған құн салығын төлеу шартының сақталуын тексеруді көрсетілетін қызмет беруші АЖ арқылы тауарларды шығарғаннан кейін есепке жатқызу әдісімен қосылған құн салығын төлеу шартының сақталуына тексеру жүргізу туралы хабарлама қалыптастыру жолымен, тауарларды шығарғаннан кейін бақылауды жүзеге асыратын бөлімшеге осындай хабарлама жолдай отырып жүзеге асырады.

25. Тәуекелдерді азайту жөніндегі шаралар болмаған кезде, уәкілетті лауазымды тұлға Кодекстің 192-бабына сәйкес тауарларды шығаруды жүзеге асырады.

Бұл ретте, көрсетілетін қызметті алушыға АЖ арқылы осы Қағидалардың 32-тармағына сәйкес тауарларды шығару туралы хабарлама жолданады.

3-параграф. Егер тауарлардың шығарылған жері, тыйым салулар мен шектеулердің сақталуы туралы мәліметтерді растайтын құжаттар туралы

мәліметтерді және (немесе) олардан алынатын мәліметтерді көрсетілетін қызметті берушінің алуы мүмкін болмаса, мұндай құжаттарды бақылау тәртібі

26. Көрсетілетін қызметті алушы тауарлардың шығарылған жері туралы мәліметтерді ЭТД мәлімдеген кезде, мұндай мәліметтер ЭТД бергенге дейін немесе берілгеннен кейін тауарларды шығарғанға дейін олардың тұпнұсқаларын табыс ету жолымен расталады.

Көрсетілетін қызметті алушы тыйым салулар мен шектеулердің сақталуы туралы мәліметтерді ЭТД мәлімдеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы ЭТД бергенге дейін немесе берілгеннен кейін тауарларды шығарғанға дейін көрсетілген құжаттарды электрондық түрде (көшірмелерін сканерлеп) тыйым салулар мен шектеулердің сақталуын растайтын құжаттарды ұсынады.

Бұл ретте, көрсетілетін қызметті беруші АЖ арқылы қызметті алушыға осындай құжаттардың және (немесе) құжаттар туралы мәліметтердің болмауы туралы хабарлама жолдайды.

27. Көрсетілетін қызметті алушы АЖ арқылы құжаттардың және (немесе) құжаттар туралы мәліметтердің болмауы туралы хабарламаны алғаннан кейін, көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидалардың 26-тармағында айқындалған түрінде, Кодекстің 193-бабында көрсетілген мерзімнен кешіктірмей оларды уәкілетті лауазымды тұлғаға табыс етеді.

28. Егер көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидалардың 27-тармағына сәйкес құжаттарды табыс етпеген жағдайда, Кодекстің 201-бабына сәйкес уәкілетті лауазымды тұлға тауарларды шығарудан бас тартады.

29. Көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидалардың 27-тармағында айқындалған құжаттарды ұсынған кезде, уәкілетті лауазымды тұлға осындай құжаттарды ЭТД-да олар туралы мәлімделген мәліметтерге сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады және олар расталған жағдайда, осы Қағидаларда көзделген әрекеттерді жүзеге асырады.

4-параграф. Электрондық нысанда тауарларды кедендік декларациялау кезінде тауарларды шығаруға байланысты уәкілетті лауазымды тұлғаның іс-әрекеттері

30. Уәкілетті лауазымды тұлға тауарларды шығаруды Кодекстің 193-бабында белгіленген мерзімде, көрсетілетін қызметті алушы осы Кодекстің 192-бабының 1-тармағына сәйкес мәлімделген кедендік рәсіммен тауарларды орналастыру үшін ұсынған шарттарда, сондай-ақ Кодекстің 201-бабында белгіленген тауарларды шығарудан бас тарту үшін негіздер болмаған кезде жүзеге асырады.

Тауарларды шығару "Тауарларды шығаруға байланысты кейбір мәселелер туралы" ЕЭК Алқасының 2017 жылғы 19 желтоқсандағы № 188 шешімімен (бұдан әрі - Тауарларды шығару туралы тәртібі) бекітілген тауарларды шығарумен, тауарларды

шығарудың мерзімін тоқтата тұрумен, тауарларды шығарудан бас тартумен және тауарлардың шығарылуын жоюмен байланысты кедендік операцияларды жүргізу тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

31. ЭТД автоматты тұрде тіркеуден өткен кезде, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйесінде айқындалған тәуекелдерді азайту жөніндегі ұсыныстар болмаған кезде қызмет беруші АЖ арқылы тауарларды шығарудың рәсімінің автоматты тұрде тауарларды шығарады.

Бұл ретте, көрсетілетін қызметті беруші АЖ арқылы көрсетілетін қызметті алушыға осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес тауарларды шығаруды жүзеге асыратын көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦК расталған тауарларды автоматты тұрде шығару туралы электрондық құжатты жібереді

32. Тауарларды шығарған кезде Тауарларды шығару туралы тәртіпке сәйкес қызмет алушыға тауарлардың шығарылуы туралы хабарлама АЖ арқылы жолданады.

33. Тауарларды шығарудан бас тартуды уәкілетті лауазымды адам Тауарларды шығару тәртібінің сәйкес ресімдейді.

Бұл ретте уәкілетті лауазымды тұлға Кодекстің 201-бабына сәйкес тауарларды шығарудан бас тарту себептерін көрсете отырып, электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарларды шығарудан бас тарту туралы электрондық құжатты көрсетілетін қызметті алушыға жібереді.

34. Егер ЭТД-да мәлімделген кейбір тауарлар үшін тауарларды шығару шарттары сақталмаса, уәкілетті лауазымды адам мұндай тауарларды шығарудан бас тартады.

Бұл ретте, осы тауарлар туралы ақпарат көрсетілген, ЭДТ негізгі және қосымша параграфының "С" бағанына уәкілетті лауазымды тұлға: шығарудан бас тарту күні мен уақыты көрсетіле отырып "Өнім нөмірі (ЭТД 32-бағанында көрсетілген тауарлардың реттік нөмірі) - беруден бас тартты" деген ақпаратты енгізеді.

Уәкілетті лауазымды тұлға көрсетілген ақпаратты "Кедендік декларацияны толтыруда қолданылатын жіктеуіштер туралы" Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 (бұдан әрі – Шешімдер Классификаторы) шешімімен бекітілген шешімдердің жіктеуішіне сәйкес қабылданған шешімнің кодымен қызмет көрсетушінің АЖ-ға енгізеді.

Қалған тауарларды шығару осы Қағидаларға белгіленген шарттар мен тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

35. Осы Қағидалардың 22-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген әрекеттерді орындау кезінде тауарларды шығаруды уәкілетті лауазымды тұлға Кодекстің 196-бабының ережелерін ескере отырып, АЖ арқылы жүзеге асырады.

36. Осы Қағидалардың 22-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген іс-әрекеттер аяқталғаннан кейін уәкілетті лауазымды адам АЖ арқылы Кодекстің 198 және 199-баптарының ережелерін ескере отырып, тауарларды шығаруды тоқтата тұрады.

Тауарлардың шығарылуын тоқтата тұру туралы шешімді қызмет берушінің басшысы немесе уәкілетті тұлға қабылдайды, содан кейін уәкілетті лауазымды тұлға көрсетілетін қызметті алушыға тауарлардың шығарылуын тоқтата тұру туралы тауарларды шығаруды тоқтата тұрудың себептері мен мерзімдерін көрсете отырып хабарлама жібереді.

Уәкілетті лауазымды адам тауарларды тоқтата тұру немесе шығару туралы шешім қабылдаған кезде келесі әрекеттер орындалады:

Шығаруды тоқтата тұру туралы шешім қабылданған тауарларға қатысты мұндай тоқтата тұру туралы ақпарат ЭТД-ның 3-нөміріндегі "С" бағанында көрсетіледі. Қалған тауарларды шығару осы Қағидада белгіленген шарттар мен тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

Көрсетілген ақпарат ЭТД-ға шешімнің Классификаторына сәйкес қабылданған шешімнің кодымен бірге енгізіледі.

37. Көрсетілетін қызметті алушының дәлелді өтінішіне сәйкес, тіркелген кедендей декларация осы Кодектің 184-бабында көрсетілген жағдайларда тауарлар шығарылғанға дейін де, кейін де кері қайтарып алынуы мүмкін.

38. Тауарларды шығару рәсімінің Тауарларды шығару тәртібінің сәйкес уәкілетті лауазымды тұлғаның АЖ арқылы тауарлардың шығарылуын болдырмауға рұқсат етіледі.

Уәкілетті лауазымды тұлға АЖ арқылы тауарлардың шығарылуын болдырмау кезінде алушыға электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған, осы Қағидаларға З-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардың шығарылуын жою туралы электрондық құжат жіберіледі.

39. Тауарларды шығару, шығаруды тоқтата тұру, шығарудан бас тарту немесе шығаруды жою туралы шешім қабылданғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы АЖ арқылы нақты уақыт режимінде жоғарыда көрсетілген мәртебелердің бірімен ЭДТ көшірмесін алады.

40. Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 мамыр № 257 шешімімен бекітілген тауарларға декларацияны толтыру тәртібі туралы нұсқаулықта белгіленген тәртіппен ЭТД-ның "С" бағандарына мәліметтер енгізу арқылы уәкілетті лауазымды тұлға тауарларды шығару, шығаруды тоқтата тұру, шығарудан бас тарту, шығаруды болдырмау немесе шартты тұрде шығару туралы шешімді АЖ арқылы қабылдайды.

41. Уәкілетті лауазымды тұлға Кодектің 202-бабына сәйкес тауарларды шартты тұрде шығару туралы шешім қабылдаған жағдайда, мұндай шешім туралы ақпарат АЖ арқылы тауарларды шығарғаннан кейін кедендей бақылауды жүргізуге жауапты бөлімшеге ЭТД-ның тіркеу нөмірі туралы ақпаратпен тауарларды шығарғаннан кейін кедендей бақылауды аяқтау үшін жіберіледі.

3-тaraу. Кедендік декларацияны тіркеуге не көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық жүйелерінің ақаулығы кезінде мұндай тіркеуден бас тартуға байланысты кедендік операциялардың тәртібі

1-параграф. Тауарларды жазбаша нысанда кедендік декларациялауды қолдана отырыш, тауарларды кедендік тазарту кезіндегі уәкілетті лауазымды тұлғаның іс-әрекеті

42. Кодектің 175-бабының 5-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушіде көрсетілетін қызметті алушының электрондық нысанда кедендік декларациялауды өткізуді қамтамасыз ету мүмкіндігі болмаған жағдайда, техникалық іркілістер, байланыс құралдарының (телекоммуникациялық желілер мен Интернет желісінің) жұмысындағы бұзушылықтар, сондай – ақ электр энергиясының ажыратылуына байланысты қағаз жеткізгіштегі құжат түріндегі кедендік декларация (бұдан әрі-ТД) пайдаланылады.

43. Кодектің 180-бабының 5 және 7-тармақтарына сәйкес, ДТ-ны ұсыну қызмет берушіге ДТ-да көрсетілген ақпаратты растайтын қағаз түрінде, сондай-ақ оның электрондық нысанын ұсынумен қатар жүреді.

Мұндай құжаттарға мыналар:

тауарлармен мәміле жасасуды растайтын құжаттар, ал мұндай болмаған жағдайда - тауарларға иелік ету, пайдалану және (немесе) билік ету құқығын растайтын өзге де құжаттар, көрсетілетін қызметті алушыға қол жетімді өзге коммерциялық құжаттар;

көліктік (тасымалдау) құжаттар;

тыйым салулар мен шектеулердің, ішкі нарықты қорғау шараларының сақталуын растайтын құжаттар;

тауардың шығу тегі туралы құжаттар;

кедендік баждардың, салықтардың, арнайы, демпингке қарсы, өтем баждарының төленгенін растайтын және (немесе) кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтем баждарын төлеу бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ететін құжаттар;

кедендік баждарды, салықтарды төлеу кезінде женілдіктер беру мақсаттары мен шарттарының сақталуын растайтын құжаттар кіреді.

44. Кодектің 182-бабының 9-тармағына сәйкес, сондай-ақ осы Қағидалардың 42-тармағында белгіленген жағдайда туындаған кезде, ДТ-ны тіркеуге немесе тіркеуден бас тартуға байланысты кедендік операцияларды жүргізу тәртібі тауарлар декларациясын тіркеу немесе тіркеуден бас тарту туралы нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.

45. Уәкілетті лауазымды тұлға Кодекстің 181-бабында белгіленген ДТ тапсыру мерзімдерін тексереді.

Көрсетілген мерзім бұзылған жағдайда ұсынылған жағдайда уәкілетті лауазымды тұлға Әкімшілік кодексте көзделген шараларды қолданады.

46. ТД және осы Ереженің 43-тармағында көзделген құжаттарды беру уәкілетті лауазымды адамның ТД тіркеу журналына оның тегі мен аты-жөнін, қолын және жеке нөмірлі мөр бедерін көрсете отырып, оны беру күні мен уақытын екі данада қою жолымен расталады, ол осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қағаз түрінде жүргізіледі.

47. Уәкілетті лауазымды тұлға тауарларға арналған декларацияларды тіркеген немесе тіркеуден бас тартқаннан кейін ТД тіркеу журналына тиісті жазба енгізіледі.

2-параграф. Жазбаша нысанда кедендік декларацияны қолдана отырып, кедендік бақылауды жүргізу және тауарларды шығарумен байланысты уәкілетті лауазымды тұлғаның іс-әрекеті

48. Осы Ереженің 42-тармағында белгіленген жағдайда, ТД тіркелгеннен кейін уәкілетті лауазымды тұлға кедендік, өзге де құжаттарды және (немесе) мәліметтерді тексеруге, тауарларға кедендік тексеру (қарау), оның ішінде тауарларға кедендік сараптама жүргізуге байланысты кедендік бақылау нысандарын қолдана отырып, кедендік бақылауды жүзеге асырады.

Бұл ретте, уәкілетті лауазымды тұлға көрсетілетін қызметті алушыға қолды қойып, кедендік бақылауды жүргізу нысандары мен шаралары туралы жазбаша хабарламаны кез келген нысанда береді.

49. Кедендік бақылауды уәкілетті лауазымды тұлға Кодекстің 180-бабының 7-тармағына сәйкес ұсынылған құжаттар негізінде жүзеге асырады.

Кедендік бақылаудың нәтижелері бойынша уәкілетті лауазымды тұлға тауарларды шығару тәртібіне сәйкес тауарларды шығару, тоқтата тұру, шығарудан бас тарту немесе шығаруды жою туралы шешім қабылдайды.

50. Тауарлардың шығарылуын уәкілетті лауазымды адам көрсетілетін қызметті алушыға ТД-ға 2 және 3 данада бере отырып, ТД-ға, ілеспе құжаттарға тиісті белгілерді қою (қою), сондай-ақ осы Қағидаларға 5-қосымшасына сәйкес ТД тіркеу журналына жазба енгізу арқылы жүзеге асырады.

51. Уәкілетті лауазымды адам интеллектуалдық қызмет көрсетуді жаңартқаннан кейін, ТД-ның электрондық нысаны қызмет берушінің АЖ арқылы жүктеледі.

52. АЖ-ның жұмыс қабілеттілігі қалпына келтірілгеннен кейін уәкілетті лауазымды адам электрондық түрде жүктелген дизель отынына арналған тәуекелдерді басқару жүйесін қолдана отырып, кедендік бақылауға байланысты әрекеттерді қайта жүзеге асырылмайды.

3-параграф. Тауарларға арналған декларацияларды бергенге дейін тауарларды шығару немесе оны тіркеуден бас тарту туралы өтінішті тіркеу журналын жүргізу нысаны мен тәртібі

53. Тауарлар декларациясын бергенге дейін немесе оны тіркеуден бас тартқанға дейін тауарларды шығару туралы өтінішті тіркеу "тауарлар декларациясын бергенге дейін тауарларды шығару туралы өтінішті тіркеу немесе тіркеуден бас тарту туралы" ЕЭК Алқасының 2017 жылғы 13 желтоқсандағы № 171 шешімімен бекітілген тәртіпте Кодекстің 194-бабының 10-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

54. Уәкілетті лауазымды тұлға тауарларға декларацияны бергенге дейін немесе оны тіркеуден бас тартқанға дейін осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарларды шығаруға өтінішті тіркеу журналын (бұдан әрі – Тіркеу журналы) толтырады.

55. Тіркеу журналы қағазда сақталады, нөмірленеді, орналастырылады және қызмет берушінің қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады және уәкілетті лауазымды адам қол қояды. Тіркеу журналына жазбалар толық, анық, дәл жасалған, түзетулер мен тазартуларға жол берілмейді. Қате жазбалар келісіліп, уәкілетті лауазымды адамның қолымен куәландырылады.

Тіркеу журналындағы сериялық нөмірді нөмірлеу әр күнтізбелік жылдан бастап бірліктен басталады.

4-тaraу. Мерзімдік кедендік декларациялау кезінде мәлімделген тауарларға қатысты кедендік бақылау жүргізудің ерекшеліктері

1-параграф. Кедендік декларациялау және тауарларды шығару ерекшеліктері

56. Кодекстің 187-бабында белгіленген шарттардың жиынтығы сақтала отырып, мерзімді кедендік декларация қолданылады.

57. Мерзімді кедендік декларациялау кезінде уәкілетті лауазымды тұлға АЖ арқылы осы тараумен көзделген кедендік операцияларды жасайды, сондай-ақ тауарлардың барлық партиялары жеткізілген бүкіл кезең ішінде нақты есепке алуды және бақылауды жүзеге асырады.

Кодекстің 187-бабының 2-тармағына сәйкес жеткізу мерзімі көрсетілетін қызметті алушы мәлімдеген, күнтізбелік отыз бір күннен аспайтын және жоспарланатын кезең:

- 1) ЕАЭО кедендік аумағына әкелінетін тауарларды қызмет берушіге ұсынуға;
- 2) ЕАЭО кедендік аумағынан әкетілетін тауарларды жөнелту (тауарларды халықаралық тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушыға немесе ЕАЭО кедендік

аумағынан тауарларды әкету мақсатында басқа көлік құралына қайта тиеumen (ауыстырып тиеumen) тауарларды халықаралық тасымалдауды жүзеге асыру кезінде бірінші тасымалдаушыға тауарларды өткізу).

58. Уәкілдеп тауарлардың мәлімделген жеткізу мерзімі басталғанға дейін ұсынылған ЭТД-ға кедендей бақылауды тауарлардың барлық партиясын жеткізу дің бүкіл мәлімделген кезеңі ішінде қозғалыс кезінде жүзеге асырады.

Бұл ретте Кодекстің 187-бабының 11-тармағына сәйкес ЭД бойынша декларацияланатын тауарларды нақты есепке алу мен бақылауды уәкілдеп тауарларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша АЖ арқылы тауарларға мерзімдік декларацияны пайдалана отырып декларацияланатын тауарларды есепке алуың электрондық журналында жүргізеді.

59. Мәлімделген жеткізу кезеңі басталғанға дейін берілген ЭТД бойынша тауарларды шығаруды уәкілдеп тауарларға 187-бабында айқындалған талаптар мен мерзімдерді сақтай отырып, АЖ арқылы жүзеге асырады.

2-параграф. Кедендей бақылау аймағында орналастырылуы (болуы) мүмкін, сондай-ақ тауарларға арналған декларацияны тіркеген қызмет берушіден езгеше қызмет берушінің қызмет аймағындағы тауарларға арналған декларация бойынша тауарларды шығаруға байланысты кедендей операцияларды шығаруға және жасауға жататын тауарларды алдын ала декларациялауды қолдана отырып, тауарларды шығаруға байланысты кедендей операцияларды жасау ерекшеліктері мен жағдайлары

60. Алдын ала кедендей декларацияның ерекше белгілерін (бұдан әрі - АД) пайдалана отырып, тауарларды кедендей тазартуды уәкілдеп тауарларға 185-бабында көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес, сондай-ақ осы Қағидалардың 2- параграфтың 4-тарауының көзделген кедендей операцияларды орындаумен АЖ арқылы жүзеге асырады.

61. Кодекстің 185-бабының 5-тармағына сәйкес оларға қатысты АД жүзеге асырылған тауарлар АД кезінде ЭТД-ны тіркеген көрсетілетін қызметті берушіден ерекшеленетін қызмет берушінің қызмет аймағындағы Кедендей бақылау аймағында орналасуы (болуы) мүмкін:

1) Кодекстің 192-бабының 4-тармағына сәйкес келу орындарында тауарларды шығарумен байланысты кедендей операциялардың ерекшеліктерін қолдану;

2) меншік иесінің және (немесе) иелігінде тауарлар осындай оқиға болған кезде болған тұлғаның қасақана іс-әрекеттерінен тудырмайтын көлік құралдарымен болған, сондай-ақ нәтижесінде тауарлар АД кезінде ЭТД-ны тіркеген қызмет берушінің қызмет аймағында орналасқан кедендей бақылау аймағына жеткізілуі мүмкін емес еңсерілмейтін күш әсерінің салдарынан болған, өзінің салдары бойынша зиянды

техникалық, технологиялық немесе өзге сипаттағы оқиғаға әкеп соқтыратын авария кезінде көлік құралдары болған.

62. Кодекстің 192-бабының 4-тармағына сәйкес, сондай-ақ осы Қағиданың 61-тармағында көзделген жағдайларда тауарларды шығаруға байланысты кедендік операцияларды жасау ерекшеліктері тиісті кіші жүйелерді пайдалануға енгізу сәтінен бастап АД кезінде ЭТД тіркеген қызмет берушіден өзгеше қызмет берушінің қызмет аймағында жүзеге асырылады.

63. Көрсетілетін қызметті алушы осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген әрекеттерді жасамас бұрын тауарларды кедендік бақылау аймағында орналастыру және тауардың келген жерінде орналасқандығы туралы АД кезінде ЭТД тіркеген қызмет берушіге хабарлайды.

Көрсетілетін қызметті алушы АД кезінде ЭТД тіркеген және тауарларды шығаруды жүзеге асыру жоспарланып отырған көрсетілетін қызметті берушіге ПД кезінде ТЭД-ға мәлімделген мәліметтерді өзгерту (толықтыру) жолымен мәлімделмеген не нақтыланған мәліметтерді ұсынады не осындай өзгерістер (толықтырулар) енгізу қажеттілігінің жоқтығы туралы хабардар етеді).

64. Басқа мемлекеттік кірістер органының қызмет аймағында орналасқан тауарларға қатысты ЭТД ұсынылған қызмет берушінің уәкілетті лауазымды адамы оны тіркеу үшін ЭТД-да мәліметтерді АД-мен салыстырады.

65. АД кезінде ЭТД тіркеуді немесе тіркеуден бас тартуды осы Қағидалардың З-тарауына сәйкес ЭТД кезінде берілетін қызмет берушінің уәкілетті лауазымды адамы жүзеге асырады.

66. Кедендік бақылау жүргізу мақсатында, кедендік бақылау нысандарын және (немесе) кедендік бақылауды жүргізуді қамтамасыз ететін шараларды тәуекелдерді басқару жүйесін айқындау кезінде АД кезінде ЭТД берілген көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті лауазымды адамы қызмет аймағында тауарлар бар мемлекеттік кірістер органына тәуекелдерді азайту жөніндегі шараларды қабылдау туралы хабарлама жібереді.

67. Кедендік бақылау жүргізу аяқталғаннан кейін қызмет аймағында тауар бар қызмет берушінің уәкілетті лауазымды адамы АЖ арқылы кедендік бақылау жүргізу туралы куәландыратын құжаттарды (кедендік тексеріп қарау (қарау) қоса бере отырып, фото – бейнематериалдар қосымшаларымен, сондай-ақ тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеу актісі және басқа да құжаттар қоса бере отырып), есепті жіберу жолымен АД кезінде ЭТД берілген қызмет берушінің кедендік бақылау нысандарын жүргізу нәтижелері туралы хабардар етеді.

68. Егер кедендік бақылау нәтижесінде құқық бұзушылықтың қандай да бір белгілері анықталса, тауарлар орналасқан аумақтағы қызмет беруші бұл туралы АД-ға ЭТД берілген мемлекеттік кірістер органына дереу хабарлайды.

Өтінішті алғаннан кейін ЭТД ұсынылған қызмет беруші хабарламаны алғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шаралар қолданады.

69. АД кезінде ЭТД-ға қатысты, ЭДТ-ны АД-да тіркеген қызмет беруші (тауарлардың шығарылуын жүзеге асыратын) осы Қағидалардың 2-параграфтың 4-тарауының көзделген іс-қимылдар жасалады.

70. АД кезінде ЭТД тіркеген мемлекеттік кіріс органынан ерекшеленетін қызмет берушінің қызмет аймағындағы ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсіміне тауарларды орналастыру сәтінен бастап мұндай тауарлар шығарылған болып есептеледі және АД кезінде осы ЭТД қатысты кедендік бақылау аяқталады.

3-параграф. Тауарларға уақытша арналған декларацияны пайдалана отырып декларацияланатын тауарларды кедендік тазарту кезінде уәкілетті лауазымды тұлғаның іс-әрекеті

71. Тауарларға уақытша арналған декларацияны (бұдан әрі – ТУД) пайдалана отырып декларацияланатын тауарларды кедендік тазарту кезінде уәкілетті лауазымды тұлға мынадай іс-әрекеттерді орындаиды:

1) осы Қағидалардың 4-тарауында көзделген кедендік операцияларды жасайды, сондай-ақ Кодекстің 189-бабында көзделген тауарларды уақытша кедендік декларациялаудың талаптары мен шарттарының сақталуын тексереді;

2) ТУД бойынша тауарларды жеткізуді жүзеге асырудың барлық кезеңі ішінде тауарлардың іс жүзінде өткізуіне бақылауды жүзеге асырады.

Уәкілетті лауазымды тұлға ТУД-ны пайдалана отырып декларацияланатын тауарларды есепке алуды осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша АЖ арқылы ТУД-ны пайдалана отырып декларацияланатын тауарларды есепке алу журналында жүргізеді.

72. Уәкілетті лауазымды тұлға тауарларды жеткізудің бүкіл кезеңі ішінде тауарлардың нақты қозғалысына кедендік бақылау жүргізу кезінде тауарлардың әрбір жөнелтілуіне (жеткізуіне) коммерциялық, көліктік (тасымалдау) құжаттарының болуын тексереді.

73. Уәкілетті лауазымды тұлға коммерциялық, көліктік (тасымалдау) құжаттарда және ТУД-да көрсетілген мәліметтердің кедендік тексеру (тексеру) актісінде көрсетілген тауарларды кедендік тексеру (қарау) нәтижелерімен сәйкестігін тексереді.

Кұжаттарда көрсетілген мәліметтерге сәйкес кедендік тексерудің (тексерудің) нәтижелері бойынша уәкілетті лауазымды тұлға АЖ арқылы тауарларды шығару күнімен, уәкілетті лауазымды адамның электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған ТУД нөмірімен тауарларды шығарған күнімен "Уақытша декларация", "Шығаруға рұқсат етіледі" ЭТД-ға ақпарат енгізеді.

74. Кедендік тазартылуы бір көрсетілетін қызметті берушіде жүргізіletіn, ал есептеу аспаптары басқа көрсетіletіn қызметті берушінің қызмет аймағында болатын құбыржол көлігімен өткізіletіn тауарларға қатысты кедендік бақылау жүргізу кезінде:

ТУД бойынша тауарларды шығарған көрсетіletіn қызметті берушінің уәкіletті лауазымды адамы осындай тауарлар шығарылған күннен бастап біr жұмыс күні ішінде қызмет аймағында есептеу құралдарын орнату орындары бар көрсетіletіn қызметті берушіге ТУД көшірмесін жолдайды;

қызмет аймағында есептеу құралдарын орнату орындары бар қызмет беруші құбыржол көлігімен өткізіletіn тауарлардың нақты санын бақылауды, сондай-ақ есептеу аспаптарынан көрсеткіштерді ай сайын алуды қамтамасыз етеді, осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептеу аспаптарынан көрсеткіштерді алу туралы актілер жасайды және есепті айдан кейінгі айдың бесінші күніне дейін ТУД шығаруды жүргізген қызмет берушіге мұндай тауарлардың нақты өткізілген көлемі туралы растаманы жібереді;

тауарлардың іс жүзінде өткізілген көлемін растау есептеу аспаптарынан көрсеткіштерді алу туралы актілер, сыртқы сауда шарты бойынша тауарларды іс жүзінде жеткізу туралы актілер, тапсыру-қабылдау актілері, тауарлардың сапа сертификаттары, Электр беру желілері бойынша және құбыржол көлігімен өткізіletіn тауарлар туралы ақпарат алмасу технологиясы шенберінде алынатын ақпарат негізінде, оның ішінде құбыржол көлігін пайдалана отырып аралас тасымалдарды жүзеге асыру кезінде жазбаша түрде жүзеге асырылады, Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден қызметтері біріккен алқасының 2015 жылғы 4 маусымдағы № 15/6 шешімімен бекітілген Тауарларды, жұмыстарды, көрсетіletіn қызметтерді және жеткізудің біr күнтізбелік айы ішінде құбыржол көлігімен өткізіletіn өндірілген, жеткізілген және тұтынылған тауарлар көлемінің атаулы бөлінуін растайтын басқа да ұқсас құжаттардың негізінде жүзеге асырылады.

75. Кодектің 189-бабына сәйкес егер тауарлар ЕАЭО кедендік аумағынан мерзім ішінде әкетілмесе, ТУД Кодектің 184-бабында көрсетілген тәртіппен кері қайтарылуға жатады.

4-параграф. Жиналмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауарларға кедендік тазартуды жүргізу тәртібі және кедендік бақылауды жүргізу ерекшеліктері

76. Осы ЕАЭО кедендік шекарасы арқылы өткізіletіn жиналмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауарларға кедендік бақылауды жүргізу ерекшеліктері және кедендік тазартуды жасау тәртібі – тауарды жинақталмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі кедендік декларациялау) кодектің

190-бабының 4 және 9-тармақтарына сәйкес әзірленді, сондай-ақ көрсетілген баптың ережелері сақтала отырып жүргізіледі және уәкілетті лауазымды тұлғаның іс-кимылдарының дәйектілігін және тауардың құрамдас бөліктерін жоспарланған жеткізу туралы хабарламаның нысанын айқындайды.

ЕАЭО кедендік шекарасы арқылы өткізілетін жиналмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе аяқталмаған түрдегі тауар деп осы Кодекстің 41 – бабының 3-тармағына сәйкес ЕАЭО сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатуrasesы (бұдан әрі – ЕАЭО СЭҚ ТН) бойынша 84, 85 немесе 90 тауар топтарында жіктелетін тауарлар (тауарлар комбинациясын қоса алғанда), жабдықтар, тетіктер, қондырғылар, аппараттар немесе өзге де құрылғылар түсініледі.

Тауардың құрамдас бөлігі деп Кодекстің 41 – бабының 3-тармағына сәйкес қабылданатын жиналмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауарларды сыныптау туралы шешімде (бұдан әрі Тауарларды сыныптау туралы шешім) осындай бөлік ретінде көрсетілген жиынтық немесе аяқталған түрдегі тауардың құрамдас бөлігі түсініледі.

Тауардың бірінші құрауышына қатысты тауарларға арналған декларация берілгенге дейін Тауарларды сыныптау туралы шешім алынғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауардың құрауыштарын жоспарлы жеткізу туралы хабарлама береді.

Тауар құрауыштарының жоспарланған жеткізілімдері туралы хабарламаны тіркеу осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес уәкілетті лауазымды тұлға АЖ арқылы жоспарланған тауар құрауыштарын жеткізу туралы хабарламаларды тіркеу журналында жүзеге асырады.

77. Жиналмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауарды кедендік декларациялау кезінде уәкілетті лауазымды тұлға АЖ арқылы осы Қағидалардың 4-параграфында көзделген кедендік операцияларды жасайды.

78. Жиналмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауарларды кедендік декларациялау кезінде уәкілетті лауазымды адам тәуекелдерді басқару жүйесіне сәйкес кедендік бақылауды, сондай-ақ осы Қағидалардың 4-параграфтың 4-тaraуының сәйкес тауар құрамдастарын шығаруды жүргізеді.

79. Жиналмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауар құрауыштарын кедендік декларациялау кезінде кедендік баждарды, салықтарды есептеу мақсаттары үшін жиынтықталған немесе аяқталған тауарға қатысты белгіленген және жиналмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауар құрауыштарына кедендік декларацияны көрсетілетін қызметті беруші тіркеген күні қолданыста болған ставкалар қолданылады.

Кедендік декларациялау үшін алым жиналмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауардың әрбір компонентіне тауарларға арналған декларацияны бергенге дейін немесе бір мезгілде, сондай-ақ жиналмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауарға соңғы декларацияны берген кезде төленеді.

80. Уәкілетті лауазымды тұлға АЖ арқылы осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жиналмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауар құрауыштарын есепке алу журналында жиналмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауар құрауыштарын жеткізудің барлық мәлімделген кезеңі ішінде тауардың әрбір құрауыштарының өткізілуін нақты есепке алууды және бақылауды жүзеге асырады.

ЕАӘО кедендік аумағына әкелінген құрастырылмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауардың соңғы құрауышына қатысты тауарларға арналған декларация бойынша тауар шығарылғанға дейін жинақталмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауар құрамдастарын монтаждауға (құрастыруға) жол беріледі.

81. Кодекстің 190-бабының 7-тармағына сәйкес жиынтық немесе аяқталған түрдегі тауардың соңғы құрауышына қатысты ЭТД көрсетілген мерзімді ұзарту жағдайларын қоспағанда, осындай тауардың бірінші құрауышына қатысты ЭТД тіркелген күннен бастап екі жылдан аспайтын мерзімде беріледі.

5-параграф. Қызмет аймағында тауарлар бар мемлекеттік кірістер органынан ерекшеленетін қызмет берушіде тауарларды кедендік декларациялауға және шығаруға байланысты кедендік операцияларды жасау тәртібі

82. Уәкілетті экономикалық операторлардың өзге мемлекеттік кірістер органының қызмет аймағындағы тауарларды кедендік декларациялауды жүзеге асыруы (бұдан әрі – қашықтан шығару) тиісті кіші жүйелерді пайдалануға енгізген сэттен бастап көрсетілетін қызметті берушінің АЖ арқылы жүргізіледі.

83. Қашықтан шығару осы Қағидалардың 9-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кодекстің 190 және 194-баптарына сәйкес декларацияланған тауарларға қатысты қолданылмайды.

84. Мемлекеттік кірістер органының басқа мемлекеттік кірістер органының қызметі аумағында орналасқан тауарларға қатысты ЭТД ұсынылған қызмет берушінің уәкілетті лауазымды тұлғасы ЭТД-да мәлімделген мәліметтерді оны тіркеу мақсатында тексереді

85. ЭТД-ны тіркеуді немесе тіркеуден бас тартуды осы Қағидалардың 2-тaraуына сәйкес ЭТД-ға берілген қызмет берушінің уәкілетті лауазымды тұлғасы жүзеге асырады.

86. Кедендік бақылау жүргізу мақсатында, кедендік бақылау нысандарын және (немесе) кедендік бақылауды жүргізді қамтамасыз ететін шараларды тәуекелдерді басқару жүйесін айқындау кезінде ЭТД берілген көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті лауазымды тұлғасы қызмет аймағында тауарлар бар мемлекеттік кірістер органына тәуекелдерді басқару жүйесімен айқындалған тәуекелді барынша азайту жөніндегі шараларды қабылдау туралы хабарлама жібереді.

87. Кедендік бақылау жүргізу аяқталғаннан кейін қызмет аймағында тауар бар көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті лауазымды адамы АЖ арқылы ЭТД берілген көрсетілетін қызметті берушінің кедендік бақылау нысандарын жүргізу нәтижелері туралы кедендік бақылау жүргізу туралы куәландыратын тиісті түрде ресімделген күжаттарды (кедендік тексеру (қарау) актісін, фото – бейнематериалдардың қосымшаларымен, сондай-ақ тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеу актісін және басқа да күжаттарды қоса бере отырып) есепті жіберу жолымен хабардар етеді.

88. Егер кедендік бақылау нәтижесінде құқық бұзушылықтың қандай да бір белгілері анықталған болса, онда тауарлар орналасқан қызмет беруші бұл туралы ЭТД ұсынылған мемлекеттік кірістер органына дереу хабарлайды.

Хабарлама алғаннан кейін ЭТД табыс етілетін қызмет беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шаралар қолданады.

89. Қашықтан шығаруды қолдана отырып тауарларды шығару мерзімі Кодектің 193-бабында белгіленген шекті мерзімнен аспауы тиіс.

5-тaraу. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

90. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Заңға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым:

қызмет берушінің басшысының атына;

бюджетке салықтар мен тлемдердің түсімдерін қамтамасыз ету саласына басшылықты жүзеге асырытаны уәкілетті орган басшысының атына;

мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган басшысының атына беріледі.

91. Мемлекеттік қызметті тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен

бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Заңның 25-бабының 2) тармақшасына сәйкес қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

92. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Заңға сәйкес сотқа жүгінуге құқығы бар.

Мемлекеттік кірістер органдары
лауазымды тұлғаларының
тауарларға кедендік тазартуды
жасау қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Тауарларды шығарудан бас тарту туралы электрондық құжат

p/ с №	Кедендік құжаттың тіркеу нөмірі	Шешімдер жіктеуішіне сәйкес мемлекеттік кірістер органы қабылдаған шешім коды*	Тауарларды шығарудан бас тарту кк.аа.жж. форматындағы күні (күні, айы, күнтізбелік жылдың соңғы еki цифры) және уақыты	Тауарларды шығарудан бас тарту үшін негіз болған себептер және оларды жою жөніндегі ұсынымдар	Тауарларды шығарудан бас тарруды жүзеге асырган лауазымды тұлға туралы мәлімет, жеке нөмірлік мөрі, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)
1	2	3	4	5	6

Ескертпе:

Шешімдер жіктеуіші – "Кедендік декларацияларды толтыру үшін пайдаланылатын жіктеуштер туралы" Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен бекітілген кеден органы қабылдайтын шешімдер жіктеуіші.

Мемлекеттік кірістер органдары
лауазымды тұлғаларының
тауарларға кедендік тазартуды
жасау қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Лауазымды тұлғалардың қатысуының тауарларды шығару туралы электрондық құжат

p/ с №	Кедендік құжаттың тіркеу нөмірі	Шешімдер жіктеуішіне сәйкес мемлекеттік кірістер органы қабылдаған шешім коды *	Тауарларды шығарудың кк.аа.жж. форматындағы күні (күні, айы, күнтізбелік жылдың соңғы еki цифры) және уақыты	Сәйкестендіру құралдары қолданылған кедендік транзит мерзімі (ол болған кезде) және, кедендік транзиттің кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды жеткізу орны (транзиттік декларация үшін)

Ескертпе:

Шешімдер жіктеуіші – "Кедендік декларацияларды толтыру үшін пайдаланылатын жіктеуштер туралы" Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен бекітілген кеден органы қабылдайтын шешімдер жіктеуіші.

Мемлекеттік кірістер органдары
лауазымды тұлғаларының
тауарларға кедендік тазартуды
жасау қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Тауарларды шығаруды жою туралы электрондық күжат

р/ с №	Кедендік күжаттың тіркеу нөмірі	Шешімдер жіктеуішіне сәйкес мемлекеттік кірістер органы қабылдаған шешім коды *	Тауарларды шығарудан бас тарту форматындағы күні (күні, айы, күнтізбелік жылдың соңғы екі цифры) және уақыты	Тауарларды шығаруды жоуды жузеге асырған лауазымды тұлға туралы мәлімет, жеке нөмірлік мөрі, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)
1	2	3	4	5

Ескертпе:

Шешімдер жіктеуіші – "Кедендік декларацияларды толтыру үшін пайдаланылатын жіктеуштер туралы" Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімімен бекітілген кеден органы қабылдайтын шешімдер жіктеуіші.

Мемлекеттік кірістер органдары
лауазымды тұлғаларының
тауарларға кедендік тазартуды
жасау қағидаларына
4-қосымша

"Тауарларды кедендік тазарту" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты				
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Мемлекеттік қызметті Министрліктің Мемлекеттік кірістер комитетінің облыстар, Астана, Алматы және Шымкент қалалары бойынша аумақтық органдары		
2	Мемлекеттік қызметтерді ұсыну жолдары	1) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы; 2) қызмет алушының.		
		Тауарларды шығару мерзімдері Кодекстің 193-бабының нормаларымен белгіленген 1. Тауарларды шығаруды көрсетілетін қызметті беруші – кедендік декларация тіркелген кезден бастап не осы баптың 2)-тармағында көрсетілген мән-жайлардың бірі басталған кезден бастап 4 (төрт) сағаттың ішінде, ал, егер кедендік декларация көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс уақыты аяқталғанға дейін төрт сағаттан аз уақыт қалғанда тіркелген не осы баптың 2)-тармағында көрсетілген мән-жайлардың біреуі көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс уақыты аяқталғанға дейін 4 (төрт) сағаттан аз уақыт қалғанда басталған жағдайларда, осы бапта көзделген жағдайларды қоспағанда, осы көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс уақыты басталған кезден бастап 4 (төрт) сағаттың ішінде аяқтауға тиіс, Кодекстің 193 – ба бына 2. Тауарларды алдын ала кедендік декларациялау кезінде осы бапта көзделген		

	<p>тауарларды шыгару мерзімдері мынадай мән-жайлардың бірі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) кедендік декларацияны тіркеген көрсетілетін қызметті беруші тауарларды кедендік декларацияда көрсетілген кедендік бақылау аймағында орналастыру туралы хабарламаны алған кезде, ал су кемелері тасымалдайтын тауарларға қатысты, – кеден органы осы Кодекстің 185-бабының 4-тармағына сәйкес кедендік декларацияда көрсетілген келу орында оларды түсіруге рұқсат берген болса, – кедендік декларацияда мәлімделген мәліметтерді өзгерту (толықтыру); 2) кедендік декларацияны тіркеген кеден органының тауарларды кедендік декларацияда көрсетілген кедендік бақылау аймағында орналастыру туралы хабарламаны алуы, ал су кемелерімен тасымалданатын тауарларға қатысты – көрсетілетін қызметті беруші берілген кедендік декларацияға өзгерістерді (толықтыруларды) енгізу қажеттігінің жоқ екендігі туралы хабардар етілген не өзгерістер (толықтырулар) кедендік декларацияда мәлімделген мәліметтерге көрсетілетін қызметті беруші тауарларды кедендік декларацияда көрсетілген кедендік бақылау аймағына орналастыру туралы хабарламаны алғанға немесе осы Кодекстің 185-бабының 4-тармағына сәйкес кедендік декларацияда көрсетілген келу орында түсіруге рұқсатты алғанға дейін енгізілген жағдайда осы Кодекстің 185-бабының 4-тармағына сәйкес оларды кедендік декларацияда көрсетілген келу орында түсіруге арналған рұқсатты көрсетілетін қызметті берушінің беруі басталған кезден бастап есептеледі.
3	<p>3. Егер осы баптың 1-тармағында көрсетілген уақыттың ішінде мынадай мән-жайлардың бірі :</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) қызмет беруші осы Кодекстің 410-бабының 1 және 4-тармақтарына сәйкес кедендік декларацияда мәлімделген мәліметтерді растайтын құжаттарға сұрау салуы және (немесе) кедендік бақылауды өзге нысандарда жүргізу туралы не кедендік бақылау жүргізуді қамтамасыз ететін шараларды қолдану туралы шешім қабылдауы ; 2) көрсетілетін қызметті алушының кеден органына осы Кодекстің 183-бабының 1-тармағына сәйкес кедендік декларацияда мәлімделген мәліметтерді өзгерту (толықтыру) туралы уәжді өтінішпен қызмет берушіге жүгінуі; 3) көрсетілетін қызметті алушының қызметті берушінің осы Кодекстің 183-бабының 2-тармағына сәйкес кедендік декларацияда мәлімделген мәліметтерді өзгерту (толықтыру) туралы талабын орындауы басталса, тауарларды шыгару кедендік декларация тіркелген күннен не осы баптың 2-тармағында көрсетілген мән-жайлардың бірі басталған күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей аяқталуға тиіс . <p>4. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген тауарларды шыгару мерзімі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) осы Кодексте көзделген кедендік бақылау нысандарын және (немесе) кедендік бақылау жүргізуді қамтамасыз ететін шараларды қолдана отырып, кедендік бақылауды жүргізу немесе басталған кедендік бақылауды аяқтау; 2) көрсетілетін қызметті берушінің осы Кодекстің 183-бабының 2-тармағына сәйкес кедендік декларацияда мәлімделген мәліметтерді өзгерту (толықтыру) туралы талабын орындау ; 3) осы Кодекстің 195 және 196-баптарына сәйкес кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу жөніндегі міндеттің орындалуын қамтамасыз етуді ұсыну үшін қажет уақытқа ұзартылуы мүмкін. <p>5. Тауарларды шыгару мерзімі көрсетілетін қызметті беруші басшысының, ол уәкілеттік берген кеден органы басшысы орынбасарының не оларды алмастыратын адамдардың рұқсатымен ұзартылады .</p> <p>6. Тауарларды шыгару мерзімі ұзартылған кезде тауарларды шыгаруды кеден органы, егер осы Кодексте өзгеше белгіленбесе, кедендік декларация тіркелген күннен не 193-баптың 2-тармағында көрсетілген мән-жайлардың бірі басталған күннен кейінгі күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей қызмет беруші аяқтауға тиіс .</p>

Кедендік транзит кедендік рәсімімен орналастырылатын тауарларды шығару мерзімі ұзартылған кезде тауарларды шығаруды көрсетілетін қызметті беруші транзиттік декларация тіркелген күннен не осы баптың 2-тармағында көрсетілген мән-жайлардың бірі басталған күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей

аяқтауға тиіс.

7. Егер кедендік, өзге де құжаттарды және (немесе) мәліметтерді тексеруді осы баптың 6-тармағында белгіленген мерзімде аяқтау мүмкін болмаған және осы Кодекстің 195-бабына сәйкес тауарларды шығаруды осы Кодекстің 195-бабының 5-тармағында көзделген жағдайда жүргізу мүмкін болмаған жағдайда, тауарларды шығару мерзімі көрсетілетін қызметті беруші басшысының, ол уәкілеттік берген көрсетілетін қызметті беруші басшысы орынбасарының не оларды алмастыратын адамдардың рұқсатымен осы баптың 6-тармағында белгіленген мерзім өткен күннен кейінгі күннен бастап осындай тексеруді жүргізу мерзіміне ұзартылады.
8. Егер кедендік сараптама тағайындалған және оны аяқтау үшін осы баптың 6-тармағында белгіленген мерзімге қарағанда анағұрлыым ұзақ мерзім қажет болған және осы Кодекстің 196-бабына сәйкес кедендік баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу жөніндегі міндеттің орындалуын қамтамасыз ету ұсынылаған не осы Кодекстің 196-бабына сәйкес тауарларды шығаруды осы Кодекстің 196-бабының 5-тармағында көзделген жағдайда жүргізу мүмкін болмаған жағдайда, тауарларды шығару мерзімі көрсетілетін қызметті беруші басшысы орынбасарының не оларды алмастыратын адамдардың рұқсатымен осы баптың 6-тармағында белгіленген мерзім өткен күннен кейінгі күннен бастап кедендік сараптаманы жүргізу мерзіміне ұзартылады.
9. Тауарларды шығару мерзімі осы баптың 4, 5, 6, 7 және 8-тармақтарына сәйкес ұзартылған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға немесе кеден өкіліне рұқсат берілген күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей тауарларды шығару мерзімін ұзарту негіздерін көрсете отырып, осындай ұзарту туралы хабарлама жібереді.

4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Қағаз және электронды түрде (егер көрсетілетін қызметті берушіде көрсетілетін қызметті беруші пайдаланатын ақпараттық жүйелердің техникалық іркілістерден, байланыс құралдары (телеқоммуникациялық желілер және Интернет) жұмысының бұзылуынан, электр энергиясының сөндірілуінен, авариядан, енсерілмейтін күштің әсерінен немесе көрсетілетін қызметті беруші пайдаланатын ақпараттық жүйелердің істен шығуына алып келген өзге де мән-жайлардан туындаған жарамсыз болуына байланысты, декларанттың кедендік декларациялауды электрондық нысанда іске асыруын қамтамасыз ету мүмкіндігі болмаса, кедендік декларациялау қағаз (жазбаша) нысанда жүзеге асырылуы мүмкін).
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің өкілетті ұбыльданған лауазымды тұлғаларымен тауарларды шығару туралы шешім оның электронды цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған, сонымен қатар ақпараттық жүйелер арқылы мүдделі сонымен бірге көрсетілетін қызметті алушыларды бір уақытта хабардар ету, не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген жағдайларда және негіздемелер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру болып табылады.
6	Көрсетілген қызметті алушыдан мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде өндіріп алышатын төлем мөлшері	Көрсетілген мемлекеттік қызмет үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 5 сәуірдегі № 171 қаулысымен белгіленген тауарларды кедендік декларациялау үшін тауарларга арналған декларацияға кедендік төлемдер алынады. Еуразиялық экономикалық одағының Кеден кодексінің 460-бабы негізінде "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" 1995 жылғы 20 шілдедегі № 2368 Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес колданылатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттардың шенберінде өткізілетін тауарларды декларациялау кезінде, "Кедендік төлемдердің ставкалары туралы" Қазақстан

	және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны жинау тәсілдері	Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 7 қарашадағы № 1479 қаулысына сәйкес заңды тұлғалар мен жеке адамдардың тауарларын кедендей ресімдеу үшін 0,2 % мөлшерінде кеден алымы, тауарлар мен көлік құралдарын ол үшін белгіленген жерден тыс және қызмет берушінің жұмыс уақытынан тыс кедендей ресімдеу үшін 0,4 % мөлшерінде кеден алымдары алынады.
7	Жұмыс кестесі	<p>1) Қызметті беруші –2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ЗРК Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес, демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.</p> <p>2) портал және АЖ: жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p>
8	Мемлекеттік қызметтер көрсету үшін қажетті құжаттар тізімі	<p>Тәуекелдерді басқару жүйесі кедендей, өзге де құжаттарды және (немесе) мәліметтерді тексеру түрінде кедендей бакылау нысанын айқындауды қоспағанда, ТЭД беру көрсетілетін қызметті берушінің онда мәлімделген мәліметтерді растайтын құжаттарды ұсынумен сүйемелденбейді.</p> <p>ТД-ны қағаз жеткізгіште беру көрсетілетін қызметті берушігে ТД-га мәлімделген мәліметтерді растайтын қағаз жеткізгіштегі құжаттарды, сондай-ақ оның электрондық түрін ұсынумен сүйемелденеді.</p> <p>Мұндағы құжаттарға:</p> <p>1) тауарлармен мәміле жасалғанын растайтын құжаттар, ал мұндай мәміле болмаган жағдайда – тауарларды иелену, пайдалану және (немесе) билік ету құқығын растайтын өзге де құжаттар, сондай-ақ иелігіндегі өзге де коммерциялық құжаттар</p> <p>2) көлік (тасымалдау) құжаттары;</p> <p>3) тыйым салулар мен шектеулердің, ішкі нарықты қорғау шараларының сакталуын растайтын құжаттар;</p> <p>4) тауарлардың шығу тегі туралы құжаттар;</p> <p>5) кедендей төлемдердің, салықтардың, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарының төленгенін және (немесе) кедендей баждарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу жөніндегі міндеттің орындалуын қамтамасыз етуді растайтын құжаттар;</p> <p>6) кедендей төлемдерді, салықтарды төлеу бойынша жеңілдіктер беру мақсаттары мен шарттарының сакталуын растайтын құжаттар.</p>
		<p>1. Кодекстің 182-бабының 5-тармағына сәйкес қызмет беруші мынадай жағдайларда :</p> <p>1) кедендей декларация кедендей декларацияны тіркеуге құқылы емес қызмет берушіге берілген;</p> <p>2) кедендей декларацияны үекілдегі берілмеген адам берген және (немесе) оған қол қойылмаған не ол тиісінше куәландырылмаған;</p> <p>3) кедендей декларациялау нысаны сақталмаған;</p> <p>4) кедендей декларацияда Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасына сәйкес көрсетілуге жататын мәліметтер көрсетілмеген және (немесе) кедендей декларация оны толтырудың белгіленген тәртібіне сәйкес толтырылмаған;</p> <p>5) қағаз жеткізгіштегі кедендей декларация белгіленген нысан бойынша жасалмаған және (немесе) электрондық кедендей декларацияның немесе қағаз жеткізгіштегі кедендей декларацияның электрондық түрінің құрылымы мен форматы осындай құжаттардың белгіленген құрылымдары мен форматтарына сәйкес келмеген;</p> <p>6) осы Кодекстің 180-бабының 2-тармағында көрсетілген тауарларды не осы Кодекстің 180-бабының 3-тармағына сәйкес Комиссия айқындаған жағдайлардағы</p>

	<p>тауарларды коспағанда, соларға қатысты кедендік декларация берілетін тауарлар Қазақстан Республикасының аумағында болмаған; 7) осы Кодекске және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кедендік декларацияны бергенге дейін немесе берумен бір мезгілде жасалуға тиіс ерекшельдер жасалмаған; 8) кедендік декларацияны бергенге дейін немесе оны берумен бір мезгілде сакталуға тиіс, осы Кодекстің 188, 189-баптарында айқындалған тауарларды кедендік декларациялау ерекшеліктері сакталмаған; 9) кедендік алымдарды төлеу бойынша женілдіктер берілген жағдайларды, кедендік алымдар осы Кодекстің 80-бабына сәйкес төленбейтін жағдайларды коспағанда, кедендік декларациялау үшін кедендік алым төленбеген негіздер бойынша кедендік декларацияны тіркеуден бас тартады.</p> <p>2. Кодекстің 201-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші мынадай жағдайларда:</p> <p>1) көрсетілетін қызметті беруші тауарларды шығарған кездегі шарттардың, оның ішінде осы Кодекстің 194, 195, 196 және 197-баптарында көзделген, сондай-ақ жеке пайдалануға арналған тауарларға, халықаралық тасымалдау көлік құралдарына және керек-жараптарға қатысты шарттардың орындалмау;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті берушінің осы Кодекстің 183-бабының 2-тармағында көзделген жағдайда кедендік декларацияда мәлімделген мәліметтерді өзгерту (толыктыру) туралы талаптарының орындалмау;</p> <p>3) алдын ала кедендік декларациялау кезінде осы Кодекстің 185-бабының 7-тармағында көзделген мән-жайлардың басталу;</p> <p>4) мерзімді кедендік декларациялау кезінде осы Кодекстің 187-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделген осындай кедендік декларациялау ерекшеліктері сакталмау және (немесе) көрсетілетін қызметті алушы белгіленген мерзімде орындалмаған кедендік төлемдерді, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын, пайыздарды және (немесе) өсімпұлдарды төлеу жөніндегі міндеттің болу;</p> <p>5) көрсетілетін қызметті берушінің талап етуі бойынша тауарды осы Кодекстің 193-бабының 3 және 6-тармақтарында белгіленген тауарларды шыгару мерзімдері шегінде көрсетпеу;</p> <p>6) осы Кодекстің 198-бабының 6 және 11-тармақтарында көзделген жағдайларда тауарларды шыгару мерзімінің кайта басталмау;</p> <p>7) осы Кодекстің 410-бабының 2 және 7-тармақтарында көзделген талаптардың орындалмау;</p> <p>8) жолаушыларға арналған кедендік декларацияда мәлімделген тауарлардың осы Кодекстің 339-бабының 4-тармағына сәйкес жеке пайдалануға арналған тауарларға жатқызылмай;</p> <p>9) мұнадай: әкімшілік немесе қылмыстық іс қозғау үшін негіздер болып табылмайтын анықталған бұзушылықтар жойылған және декларацияланатын тауарлар алып қойылмаған және оларға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тыйым салынбаған;</p> <p>көрсетілетін қызметті алушының қатысты банкроттық туралы іс қозғалған жағдайларды қоспағанда, қызмет беруші тауарларға кедендік бақылауды жүргізген кезде Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасын және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден және өзге де заңнамасын бұзушылықтарды анықтау негіздері бойынша тауарларды шығарудан бас тартады.</p>
10	<p>Мемлекеттік қызметті көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсету</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету мекенжайлары қызметті берушінің www.kgd.gov.kz, www.minfin.gov.kz интернет-ресурстарында орналасырылған. Мемлекеттік қызметті алушының мемлекеттік қызметті ЭЦҚ болған жағдайда электронды түрде алу мүмкіндігі бар.</p>

ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	Мемлекеттік қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі және дәрежесі туралы ақпаратты порталда "жеке кабинет" арқылы қашықтықта, Бірыңғай байланыс-орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. Бірыңғай байланыс-орталығы телефоны: 1414, 8-800-080-7777.
---	---

Мемлекеттік кірістер органдары

лауазымды тұлғаларының

тауарларға кедендік тазартуды

жасау қағидаларына

5-косымша

Нысан

20__ жылға арналған Тауарларға арналған декларацияны тіркеу журналы _____ (кеден бекетінің коды)

№ р/ с	Тауарларға арналған декларацияны беру			Тауарларға арналған декларацияны тіркеу			Тауарларға арналған декларацияны ұзарту			Тауарларды шыгару			Лауазь тулған тегі, а әкесін аты (болға кезде) және қ оның ғ нөмір мөрі
	Күні	Уақыты	Күні	Уақыты	Тауарларға арналған декларацияны тіркеу нөмірі/ тауарларға арналған декларацияны тіркеуде бас тарту кезіндегі себептері	Күні	Уақыты	Мәселелері	Күні	Уақыты	Тауарларды шыгаруда бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда себептері		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14

Мемлекеттік кірістер органдары

лауазымды тұлғаларының

тауарларға кедендік тазартуды

жасау қағидаларына

6-косымша

Нысан

20__ жылға арналған Тауарларға арналған декларация берілгенге дейін тауарларды шыгару туралы өтінішті тіркеу немесе оны тіркеуден бас тарту журналы _____ (кеден бекетінің коды)

Тауарларға арналған декларация берілгенге дейін тауарларды шыгару туралы	Тауарларға арналған декларация берілгенге дейін тауарларды шыгару туралы	Тауарларға арналған декларация берілгенге дейін тауарларды шыгару туралы	Шығарылымы тауарларға арналған декларация берілгенге дейін тауарларды шыгару туралы	Тауарларға арналған декларацияны береу
п/ с №	Өтініш берушінің	Уәкілетті дейін лауазымды тұлғаның тегі, аты және әкесінің	Тауарларға арналған декларация берілгенге дейін тауарларды шыгару туралы өтінішті тіркеу не	Ескертпе

өтініштің тіркеу немесе оны тіркеуден бас тарту №	атауы ЖСН/ БСН)*	(өтініштің күні/ уақыты	аты (ол болған кезде)	тіркеуден бас тарту бас тарту себептерін көрсете отырып) куні/уақыты	жүргізлген тауарларға қатысты тауарларға арналған декларацияны нөмірі	мерзімінің аяқталу күні		
1	2	3	4	5	6	7	8	9

* Ескертпе:

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;
БСН – бизнес сәйкестендіру нөмірі.

Мемлекеттік кірістер органдары
лауазымды тұлғаларының
тауарларға кедендік тазартуды
жасау қағидаларына
7-косымша
Нысан

**20__ жылға арналған Тауарларға арналған мерзімдік декларацияларды
пайдалана отырып, декларацияланатын тауарларды есепке алу журналы _____
(кеден бекетінің коды)**

№ р/ с	Мерзімдік тауарларға арналған декларация	Декларант	Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметті Тауар номенклатурасы бойынша тауардың коды	Тауардың атауы	Брутто салмағы (килограмм)	Көлік құралының тіркеу нөмірі/ контейнер нөмірі	Тауарды табыс ету/тиеп жөнелту куні	Кету орнының кеден бекетінің коды	Тауарлардың іс жүзінде шығарылған куні	Кедендік бақылауды жүргізген лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Мемлекеттік кірістер органдары
лауазымды тұлғаларының
тауарларға кедендік тазартуды
жасау қағидаларына
8-косымша
Нысан

**20__ жылға арналған Тауарларға арналған уақытша декларацияларды
пайдалана отырып, декларацияланатын тауарларды есепке алу журналы _____
(кеден бекетінің коды)**

				Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы	Брутто салмағы (Нетто салмағы (Тауарл сынам: мен үлгіле
--	--	--	--	--	------------------------	-----------------------	--	--	--	-----------------------------------

№	Декларант	Уақытша атауарларға атаяу атап берген декларация	Тауардың атасы	Экономикалык қызметті номенклатурасы	Килограмм	Килограмм	Статистикалық күн	Кедендік күн	Жөнелтуші / межелі ел	іріктең күні кеден сарапт тағайынтураль
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Мемлекеттік кірістер органдары
лауазымды тұлғаларының
тауарларға кедендік тазартуды
жасау қағидаларына
9-қосымша
Нысан

20__ жылғы "___" __ есепке алу аспаптарынан көрсеткіштерді алу туралы акті

Біз, төменде қол қойған _____

бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті 20__ жылғы _____ үшін құбыржол көлігімен және электр беру желілері бойынша өткізілген тауарларды есепке алу аспаптарынан көрсеткіштер алу туралы осы актіні жасадық.

№	Есепке алу торабының (аспабының) атасы	Есепке алу аспабының (айдың басындағы көрсеткіші)	Есепке алу аспабының есепті кезең сонындағы көрсеткіші	Өткізілген тауар көлемі (тонна, мың текше метр, киловатт сағат)
1	2	3	4	5

Есепке алу торабының (аспабының) өкілі

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), лауазымы, қолы, күні)

Мемлекеттік кірістер органдарының уәкілетті лауазымды тұлғасы

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), лауазымы, қолы, күні)

Мемлекеттік кірістер органдары
лауазымды тұлғаларының
тауарларға кедендік тазартуды

жасау қағидаларына

10-қосымша

Нысан

Тауар құрамдауыштарының жоспарланып отырған жеткізілімдері туралы хабарлама

Хабарлама № _____

(декларанттың атауы, занды мекенжайы)

(құжаттар туралы жалпы мәліметтер)

Жиналмаған түрінде Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметті Тауар номенклатурасы бойынша тауарларды сыйныптау туралы шешімнің

№ _____

Жиналмаған немесе бөлшектелген түрінде, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түріндегі тауардың атауы және Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметті Тауар номенклатурасы бойынша сыйнаптау

коды _____

Жиналмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауарлардың құрамдас элементтерінің атауы және олардың Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметті Тауар номенклатурасы бойынша сыйнаптау

коды _____

Келісім-шарт бойынша жиналмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауарлардың құны

Кедендік тазарту жүргізілетін мемлекеттік кірістер органы

(мемлекеттік кірістер органының (кеден бекетінің) атауы)

Тауарды әкелу мерзімі _____

Өзге мәліметтер _____

_____тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) _____ (қолы)

Мемлекеттік кірістер органдары

лауазымды тұлғаларының

тауарларға кедендік тазартуды

жасау қағидаларына

11-қосымша

Нысан

Гауар құрамдауыштарының жоспарланып отырған жеткізілмдері туралы хабарламаны тіркеу журналы

p/ с №	Хабарламаның тіркеу нөмірі	Тауарды сыныптау туралы шешімнің колдану мерзімі (ККААЖЖ) №	Тауарларды сыныптау туралы шешімнің көлдөнүші (Декларанттың атап берекшеліктері)	Шарттың (келісішарттың / деректемелері)	Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметті Тауар номенклатурының бойынша жиналмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауарлардың коды	Келісішарт бойынша жиналмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауарлардың құны	жиналмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауарлардың құны	
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Ескертпе:

Рұқсаттың нөмірі мына түрде қалыптастырылады:

XXXXX/ККААЖЖ/0000, мұнда:

1 2 3

1) XXXXX – кедендей тазартуды жүргізетін аумақтық мемлекеттік кірістер органының коды;

2) ККААЖЖ – хабарламаның берілген күні (күні, айы және ағымдағы жылдың соңғы 2 цифры);

3) 0000 – хабарламаның реттік нөмірі.

Мемлекеттік кірістер органдары
лауазымды тұлғаларының
тауарларға кедендей тазартуды
жасау қағидаларына
12-көсімшаша
Нысан

Жиналмаған немесе бөлшектелген түрінде, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түріндегі тауар құрамдауыштарын есепке алу журналы

p/ с №	Декларант	Шарттың, ерекшеліктің № және күні	Жиналмаған немесе бөлшектелген түрінде, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түріндегі тауар құрамдауыштарының тауардың атап берекшеліктері	Жиналмаған немесе бөлшектелген түрінде, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түріндегі тауар құрамдауыштарының тауардың атап берекшеліктері	Жиналмаған немесе бөлшектелген түрінде, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түріндегі тауар құрамдауыштарының тауардың атап берекшеліктері	кедендей тазартуды жүргізген үәкілетті лауазымды тұлғаның тегі, аты, әкесінің
--------------	-----------	-----------------------------------	--	--	--	---

		және саны (косымша өлшем бірлігі)	атауы және саны (косымша өлшем бірлігі)	арналған тауарларға арналған декларация №	арналған соңғы тауарларға арналған декларация №	аты (ол болған кезде)	
1	2	3	4	5	6	7	8

Ескертпе:

журналда жиналмаған немесе бөлшектелген түрінде, оның ішінде жиынтықталмаған немесе жасалып бітпеген түріндегі тауар құрамдауыштарының әр жеткізілімі бойынша деректер көрсетіледі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК